

Шығыс Қазақстан облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама
басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы» КММ

Ақпараттық-библиографиялық орталық

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2018 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР КҮНТІЗБЕСІ

(Әдебиеттердің ұсыныс тізімі)



Өскемен, 2017 г.

Алғы сөз

Өлкеміздің тарихын, мәдениетін, экономикасын насихаттау кітапхананың төл міндеті, сондықтан да облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы 2004 жылдан бастап жыл сайын «Шығыс Қазақстанның аталып өтілетін және еске алынатын күндері» атты әдебиеттер көрсеткішін дайындап, қазақ және орыс тілдерінде шығарады.

2018 жыл өлкемізде аталып өтілетін мерейлі даталарға бай. Бұл жылдың ерекшелігі - киелі Алтай өңірінен шыққан, бүкіл елге танымал болған ақиық жазушы О. Бөкейдің, халық қаһарманы, ерліктің символы Қ. Қайсеновтің, тілдің негізін қалаған ғұлама ғалым С. Аманжоловтың, кемеңгер ойшыл Шәкәрімнің және басқа да тұлғалардың мерейлі даталарына сәйкес келуінде.

Өңірдің көрнекті даталары қамтылған көрсеткіште күндер тізбесі жылдың әрбір айы бойынша реттеліп берілген және сол жылдың «Айы мен күні белгісіз даталары» хронологиялық тәртіппен бөлек ұсынылады.

Қысқаша анықтамасы беріліп, әдебиеттер тізімі берілген күндер жұлдызшамен белгіленген.

Библиографиялық тізімдерде негізінен жаңа әдебиеттер, мерзімдік баспасөз беттерінде шыққан мақалалар ұсынылады.

Көрсеткіш «Аталып өтілетін есімдердің әліпбилік көрсеткіші» деген қосымша құралмен жабдықталған.

Ұсынылып отырған көрсеткіш жоғарғы сынып оқушыларына, кітапхана мен мәдени мекемелерге, студенттерге, сондай-ақ өлке жаңалықтарымен және тарихи оқиғалармен танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналады.

Көрсеткіш туралы ұсыныс, пікірлеріңіз болса, төменде көрсетілген мекен-жайға хабарласуыңызды өтінеміз:

**Өскемен қаласы,
Космическая көшесі, 6/2
Шығыс Қазақстан облыстық балалар
және жасөспірімдер кітапханасы
Ақпараттық-библиографиялық орталық
e-mail: childrenlibrary@host.kz**

***Шығыс өңірінде 2018 жылы аталып өтілетін
және еске алынатын күндердің тізбегі***

Қаңтар

- 2 - ***Сарин Қалқаман***, ақын, бірнеше халықаралық, республикалық жыр мүшәйраларының жүлдегері, туғанына 40 жыл (1978).
- 10 - ***Қарамендин Сейітқали***, ауыз әдебиетін зерттеуші, Абай мұрасын насихаттаушы, туғанына 105 жыл (1913-1997).
- 10 - ***Сыбанов Болат***, актер, әнші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, туғанына 80 жыл (1938-1998).
- 17 - ***Нұразхан Еркін***, суретші, өнертанушы, Қазақстан Суретшілер және Журналистер одағының мүшесі, туғанына 65 жыл (1953).
- 18 - ***Сүлейменов Ғабдәш (Ғабдолла)***, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, туғанына 90 жыл (1928-1998).
- 26 - ***Кенжесұлова Нарбин***, жазушы, филология ғылымдарының кандидаты, туғанына 70 жыл (1948).
- 26 - ***«Охотник Алтай»*** журналының шыға бастағанына 95 жыл (1923).

26- *Зайсан* қаласының іргетасы қаланғанына 150 жыл (1878).

28 - *Сұлтанбеков Мұрат*, ақын, драматург, филология ғылымдарының кандидаты, туғанына 80 жыл (1938)

Ақпан

12 - *Алтай Асқар*, жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, туғанына 55 жыл (1963).

13 - *Белослюдов Виктор*, суретші, этнограф, туғанына 135 жыл (1883-1916).

15 - *Середин Федор*, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 100 жыл (1918-1943).

17 - *Маципуло Олег*, актер, режиссер, ҚР-ның мәдениет қайраткері, туғанына 70 жыл (1948).

28 - *Қайран Әбубәкір*, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, туғанына 60 жыл (1958).

- «*Абай*» журналының басылымға шығуына 100 жыл (1918 ж).

Наурыз

- 7 - **Рахымбаев Мәулет**, сазгер, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, туғанына 70 жыл (1948).
- 8 - **Құмарұлы Кәп**, ақын, Монғолия, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, туғанына 85 жыл (1933).
- 8 - **Ахметова Шайза**, актриса, Республикалық театр жастары байқауының дипломанты, Қазақстанның халық әртісі, туғанына 70 жыл (1948-1998).
- 15 - **Манан Мұхтархан**, театр және кино актері, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген әртісі, туғанына 75 жыл (1943).
- 15 - Облыста телеорталық немесе телевидениенің құрылғанына 60 жыл (1958).
- 17 - **Құжыманов Жоламан**, әнші, Республикалық өнер байқауының лауреаты, туғанына 60 жыл (1958).
- 20 - **Васильев Тимофей**, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 100 жыл (1918- 2004).
- 21- **Сафонов Федор Матвеевич** Кеңес Одағының Батыры, туғанына 95 жыл (1923-2008).

- 22 - **Қабанбаев Марат**, қазақ балалар жазушысы, Х. К. Андерсен атындағы сыйлықтың лауреаты, туғанына 70 жыл (1948 – 2000).
- 25 - **Окунев Григорий**, 966-артиллериялық полктің зеңбірекшілер командирі, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 95 жыл (1923-2002).
- 26 **Байжанбаев Әнуарбек**, диктор, Қазақстан халық артисі, туғанына 95 жыл (1923 – 1989).

Сәуір

- 1 - **Попов Евгений**, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, туғанына 90 жыл (1928-1997).
- 1- **Лут Николай**, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 100 жыл, (1918-1944).
- 3 - **Мыржықбай Кенжеғали**, әнші, өнертанушы, ҚР еңбек сіңірген әртісі, Өнертану профессоры, туғанына 65 жыл (1953).
- 4 - **Ғаббасова Гүлмира және Гүлнара**, биші, хореографтар, балет әртістері, туғандарына 50 жыл (1968).
- 10 - **«Голос Алтая» газетінің** шыға бастағанына 100 жыл (1918).

- 10 - **Жақыпов Есенгелді**, әдебиеттанушы, аудармашы, филология ғылымдарының кандидаты, туғанына 90 жыл (1928).
- 10 - **Нілібаев Әубәкір**, ақын, аудармашы, туғанына 90 жыл (1928).
- 17 - **Ғазизұлы Айдарбек**, суретші, карикатурашы, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, туғанына 60 жыл (1958).
- 21 - **Өскеменде драмалық артистер жолдастығы** құрылғанына 100 жыл (1918).
- 23 - **Қайсенов Қасым**, партизан-жазушы, Қазақстан Халық Қаһарманы, туғанына 100 жыл (1918 – 2006).

Мамыр

- 1 - **Жақып Бауыржан**, ақын, әдебиеттанушы, туғанына 55 жыл (1963).
- 1- **Қамшыгер Саят**, ақын, туғанына 40 жыл (1978).
- 2 - **Аханов Кәкен**, тілтанушы, туғанына 90 жыл (1928-1978).

- 4 - **Ахметов Зәки**, әдебиеттанушы, туғанына 90 жыл (1928-2002).
- 4 - **Байбатырұлы Имашхан**, жазушы, туғанына 80 жыл (1938-2000).
- 5 - **Иванов Анатолий Степанович**, жазушы-прозаик, туғанына 90 жыл (1928 -1999).
- 9 - **Жылысбаев Бекен**, Қазақстан халық артисі, әнші, педагог-ұстаз, профессор, туғанына 95 жыл (1923-2015).
- 9 - **Салықбай Гүлнар**, ақын, Т. Айбергенов атындағы сыйлықтың, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, туғанына 55 жыл (1963).
- 25 - **Өлмесекөв Келденбай**, әнші, Республикалық Әміре Қашаубаев атындағы халық әндерін орындаушылар байқауының лауреаты, туғанына 65 жыл (1953).
- 27 - **Оразбеков Әлімбек**, режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, туғанына 65 жыл (1953).

Маусым

- 1 - **Тойкенов Махмұт**, әнші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, туғанына 55 жыл (1963).
- 4 - **Беков Орынбек**, жазушы, қоғам қайраткері, туғанына 120 жыл (1898-1937).
- 20 - **Әзімжанова Гүлсім**, тілтанушы, филология ғылымдарының докторы, туғанына 70 жыл (1948).
- 20 - **Әбдікәкімов Тыныштықбек**, ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, туғанына 65 жыл (1953).
- 23 - **Гулькин Иван**, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 95 жыл (1923-1945).
- 25 - **Қаңлыбаева Жамал**, кен ісі саласының көрнекті ғалымы, техника ғылымының докторы, профессор, туғанына 95 жыл (1923 - 1974).
- 29 - **Олжай Қайнар**, жазушы, журналист, туғанына 60 жыл, (1958).

Шілде

- 12- **Брилин Павел**, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 105 жыл (1913-1969).
- 24 - **Құдайбердіұлы Шәкәрім**, көрнекті ақын, кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі, туғанына 160 жыл (1858 – 1931).
- 25 - **Бозтаев Кешірім**, қоғам және мемлекет қайраткері, Семей облысының бұрынғы бірінші хатшысы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, туғанына 85 жыл (1933-1999).
- 27 - **Мұхамеджанов Төлеген**, сазгер, қоғам қайраткері, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, туғанына 70 жыл (1948).
- Қашаубаев Әміре**, әнші, актер, музыкант, шетелде тұңғыш жұлде алған қазақ әншісі, туғанына 130 жыл (1888 – 1934).
- Өскемен ГЭС-нің** іске қосылғанына 65 жыл (1953).

Тамыз

- 8 - **Әкімов Дінмұхамед**, кино және театр актері, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, туғанына 70 жыл (1948).

- 12 - **Әлжанов Отыншы**, қоғам қайраткері, ағартушы, фольклоршы, туғанына 145 жыл (1873).
- 15 - **Меркулов Матвей**, 676-шы атқыштар полкі батальонының командирі, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 100 жыл (1918-2000).
- 28 - **Катон-Қарағай ауданының** құрылғанына 90 жыл (1928).
- 28 - **Токарев Михаил**, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, туғанына 70 жыл (1948).
- **Семей қаласының** іргетасы қаланғанына 300 жыл (1718).

Қыркүйек

- 2 - **Кітапбаев Бошай**, әйгілі атбегі, ғалым, шежіреші, Социалистік Еңбек Ері, туғанына 95 жыл, (1923-2015).
- 5- **Шүкіманов Еркін**, әнші, ҚР мәдениет қайраткері, туғанына 45 жыл (1973).
- 13 - **Аюханов Болат**, биші, балетмейстр, педагог, Қазақстанның халық артисі,

туғанына 80 жыл, (1938).

- 13- **Горбачев Николай Андреевич**, жазушы, туғанына 95 жыл (1923-2000).
- 18 - **Бейсембеков Аймұхамет**, әнші, Қазақстанның мәдениет қайраткері, туғанына 70 жыл, (1948).
- 24 - **Құсанбаев Серік**, айтыскер ақын, Мәдениет қайраткері, туғанына 55 жыл (1963).
- 26 - **Буторин Виктор**, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 120 жыл (1898-1974).
- 28 - **Бөкей Оралхан**, жазушы, философ, публицист, драматург, туғанына 75 жыл (1943 – 1993).
- **Шығыс Қазақстан техникалық университетінің** ашылғанына (ШҚТУ) 60 жыл (1958) .

Қазан

- 3- **Абай атындағы Шығыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының** ашылғанына 135 жыл. (1883).
- 12 - **Ыбыраев Жүніс**, жазушы, аудармашы,

туғанына 90 жыл (1928-2002).

- 23 - **Милецкий Вениамин**, 373-бомбалаушы авиаполкінің экскадрилья штурманы, капитан, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 100 жыл (1918-1993).

Қараша

- 7 - **Железняков Петр**, ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 100 жыл (1918-1951).
- 8 - **Мұстанбаев Ыдырыс**, әдебиет сыншысы, абайтанушы, Алаш қозғалысының қайраткері, туғанына 120 жыл (1898-1937).
- 17 - **Заитов Ринат**, айтыскер ақын, туғанына 35 жыл (1983).
- 20 - **Рақымжанұлы Төлеген**, ақын, туғанына 80 жыл (1938).
- 20 - **Қыдыралин Сіләмбек**, актер, Қазақстанның халық әртісі, туғанына 110 жыл (1908-1983).
- 21 - **Айнағұлова Күлшара**, кинотанушы, сценарийші, туғанына 70 жыл (1948).

Желтоқсан

- 5 - **Жұмаханов Жекен**, жауынгер-жазушы, аудармашы, туғанына 105 жыл (1913 – 1978).
- 10 - **Тастағанов Мұрат**, ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, туғанына 65 жыл (1953).
- 15 - **Әкелеев Сахан**, актер, режиссер, сазгер, туғанына 60 жыл (1958).
- 17 - **Шәріпжан Тоқтархан**, ақын, жазушы, фельетоншы, туғанына 80 жыл (1938).
- 18 - **Ибраев Әділ**, журналист, «Караван» газетінің бас редакторы, туғанына 65 жыл (1953).
- 20 - **Кокорин Федор**, рота командирі, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 100 жыл (1918-1997).
- 23 - **Қыдырханұлы Уақан**, жазушы, аудармашы, туғанына 85 жыл (1933).
- 24 - **Елистратов Сергей**, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 95 жыл (1923-1947).
- 27 - **Аманжолов Сәрсен**, тіл білімінің негізін

калаушы, түрколог, профессор, туғанына 115 жыл (1903 – 1958).

- 30 - *Хасенов Нұркенже*, ақын, туғанына 75 жыл (1943-2008).
- 30 - *Косенков Иван*, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 95 жыл, (1923-2015).

Айы мен күні белгісіз тарихи оқиғалар

- *«Алтайзолото» кен байыту комбинаты*, құрылғанына 85 жыл (1933).
- *Мехнин Федор Михайлович*, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 95 жыл (1923 – 1944).
- *Рахман қайнарының* табылғанына 255 жыл (1763).
- *Ақатай Сәбетқазы*, сыншы, мәдениеттанушы, туғанына 80 жыл (1938-2003).
- *Ақылбайұлы Әубәкір*, ақын, әнші, композитор, туғанына 130 жыл (1888-1934).
- *Әлімбетов Сапарғали*, айтыскер ақын, туғанына 130 жыл (1888-1956).
- *Жанұзақұлы Әрімжан*, ақын, туғанына 140 жыл (1878-1946).

- ***Мұсаұлы Ырысхан***, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, туғанына 85 жыл (1933-2012).
- ***Шәкерімұлы Зият***, ақын, драматург, туғанына 110 жыл (1908-1937).
- ***Шондыбаев Уәйіс***, ақын, композитор, туғанына 145 жыл (1873-1923).
- ***Ысқақұлы Кәкітай***, ақын, Абай мұрасын тұңғыш бастырушы, туғанына 150 жыл (1868-1915).
- ***Жүндібайұлы Назаролла (Ағашаяқ)***, әнші, ақын, көп қырлы өнерпаз, туғанына 200 жыл (1818-1898).
- ***Тауданбекұлы Дәуітбай***, күйші, композитор, ақын, туғанына 145 жыл (1873-1937).
- ***Есентайұлы Шақабай***, қол бастаған әйгілі батыр, сайыскер, туғанына 330 жыл (1688-1778).
- ***Васильев Андрей***, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 120 жыл (1898-1945).
- ***Занудин Юрий***, Кеңес Одағының Батыры, туғанына 95 жыл (1923).

- *Казаченко Николай*, Кеңес Одағының батыры, туғанына 105 жыл (1913-1944).
- *Камоликов Дмитрий*, Кеңес Одағының батыры, туғанына 95 жыл (1923-1977).

Аталып өтілетін мерейтой иелеріне қысқаша анықтама және әдебиеттер тізімі.



*2 мамыр
Аханов Кәкеннің
туғанына 90 жыл
(1928-1978).*

Аханов Кәкен 1928 ж. Ұлан ауданының Бозанбай ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. Баржоғы елу жылдық ғұмырында артына өшпес із қалдырған жерлесіміз ғылымның қия жолында талмай еңбек етті.

Кәкен Аханұлы 1956 жылы кандидаттық, 1966 жылы докторлық диссертация қорғады. 1969 жылы оған профессор атағы берілді. 1975 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды. 1977-1978 жылдары алматы шет тілдері институтының ректоры болып істеді.

Филология ғылымының докторы, профессор Кәкен Аханов қазақ лингвистикасының тарихына бірінші болып «Тіл білімдерінің негіздері» атты монографиясын жазды. Бұдан кейінгі еңбегі «Тіл біліміне кіріспе» кітабы 1965

жылы жарық көрді. Бұрын да ертеректе жазылған «Қазақ тілі лексикасының мәселелері» мен «Қазақ тіліндегі омонимдер» атты кітаптары күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

Жерлес ғалым-ағамыз туралы көптеген ғылыми мақалалар жазылды. Қазақ Кеңес энциклопедиясында профессор К.Ахановтың өмірі мен шығармашылығы туралы кең мағлұмат берілген. Оның есімін ұландық жерлестері де ұмытқан емес. Бүгінде Алғабас ауылындағы орталау мектеп профессор Кәкен Ахановтың есімімен аталады. XX ғасырда жалпы және қазақ тіл білімі саласында табысты еңбек етіп, тіл білімі ғылымына зор үлес қосқан ғалым-лингвисттердің легінде К. Аханов та тұр. Ұстаз-ғалым, өз мамандығының білгірі К.Аханов – білім жолын қуған адам, талай-талай шәкірттерді қанаттандырып ұшырған маман.

Кәкен Аханов Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақтың Мемлекеттік Университетінің филология факультетінің деканы, Алматы шетел тілдері педагогика институтының ректоры қызметтерін атқарған.

Сұрапыл соғыс аяқталысымен-ақ ғылым-білім бұлағы Қазақтың Мемлекеттік Университетіне түсіп, оны үздік дипломмен бітіреді. Содан бергі жиырма жеті жылда бір-екі мекемеде, Қазақ университетінде жемісті еңбек еткен: оқытушы, профессор, кафедра меңгерушісі, факультет деканы. Өмірінің соңғы жылдары – шетел тілдері институтының ректоры болған.

К. Аханов – жалпы және қазақ тіл білімінің мамандарының бірі. Ол екі жүзден астам ғылыми еңбектің авторы. Олардың ішіндегі оқулықтары он сегіз, он тоғыз

рет қайтадан басылған. Олардың әр жылғы басылымын қоспағанда, жарияланған ғылыми-педагогикалық еңбектерінің жалпы көлемі 250 баспа табаққа жетеді. Егер бұлардың көлемі 25-30 баспа табактан есептелгенде қалың-қалың 8-10 кітап болар еді. Бір адамға бұл үлкен жүк. Ал соны көтерген азаматты үлкен ғалым, теңдесі жоқ ғалым демеске болмайды.

Осы жерде: «Бұл еңбектер не туралы?» деген орынды сұрақ туады. Ең алдымен, Кәкен Аханұлы – мектеп оқулықтарының авторы. Бастауыш және он жылдық мектеп оқушылары отыз шақты жылдан бері К. Аханов жазған оқулықтарды оқып, тіл ғылымы негіздерімен қаруланып келді. Солардың ішінде V-VI сыныптарға арналған Қазақ тілі оқулығы – Қазақ ССР Оқу министрлігі 1969 жылы жариялаған сайыста бірінші жүлдеге ие болған.

Ахановтың жалпы тіл білімі теориясын зерттеген ғылыми еңбектері отандық тіл ғылымына қосылған бағалы үлес ретінде қабылданды. Ахановтың орта мектепке арналған “Қазақ тілі” оқулықтары ұзақ жылдар бойы жас ұрпаққа ана тілінің ғылым жүйесін меңгертуге қызмет етті. Жалпы тіл білімінің теориясын зерттеген ғылыми еңбектері отандық тіл ғылымына қосылған бағалы үлес болып табылады. 1978 жылы Алматы қаласында дүниеден озды.

Шығармалары:

- Аханов, Кәкен. Грамматика теориясының негіздері [Мәтін]: оқу құралы / К. Аханов. - Алматы, 2010. - 240 б.

- Аханов, Кәкен. Тіл білімінің негіздері [Мәтін]: оқу құралы / К. Аханов. – Алматы, 1993. – 496 б.
- Аханов, Кәкен. Тіл білімінің негіздері [Мәтін]: оқу құралы / К. Аханов. - Алматы, 2010. - 560 б.

Ол туралы:

- Аханов Кәкен [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық // Шығыс жұлдыздары: 2 - томдық. - Астана, 2011. – 1 Т.: Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. – Б. 24.



*4 мамыр
Ахметов Зәки
туғанына 90 жыл
(1928-2002)*

Алтай мен Алатаудың арасын өзінің елге, жерге деген сағынышымен, сүйіспеншілігімен жалғаған, әдебиеттану ғылымын әлемдік деңгейде зерделеп, Абай және Лермонтов шығармаларын зерттеу арқылы ұлттар достығының туын биікке көтерген, ғалым-шәкірттер тәрбиелеуге зор үлес қосқан мақтанышымыз, дара тұлға Зәки Ахметов қатарымызда болса, биыл 90 жасқа толар еді.

Зәки Ахметов– Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым.

Ол 1928 жылы 4 мамырда Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында туған. ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. 1947-1951 жылдары Ленинград қаласындағы Шығыстану институтының аспирантурасында оқыды. 1951-1975 жылдары Қыздар педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі, декан, 1975-1981 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары, кейін директоры болып жұмыс істеген. 1978 жылы З. Ахметовке Қазақ КСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер атағы берілді. Шығыс Қазақстан облысында ең бірінші академик деген жоғарғы ғылыми атақты иеленген де Зәки Ахметов еді. 1993 жылы ғалымға Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрметті профессоры атағы берілді.

Абайдың шығармашылық мұрасын жариялау мен ғылыми зерттеудегі еңбектері үшін 1996 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері атағына ие болды.

З. Ахметовтің ғылыми еңбектері қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Оның «Лермонтов және Абай», «Казахское стихосложение», «О языке казахской поэзии», «Өлең сөздің теориясы», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы және дәстүрі», «Поэтика эпопеи «Путь Абая» в

свете истории ее создания», «Абайдың ақындық әлемі», «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі», «Роман-эпопея Мұхтара Ауэзова», «Поэзия шыңы – даналық», тағы басқа зерттеулері әдебиет пен ғылым үшін аса құнды еңбектер болып саналады.

Зәкең поэзия теориясын, өлеңтану мәселелерін өмір бойы зерттеді, әр кезде оның әр түрлі аспектісін қарастырып отырды. Тіпті бертіңгі кездің өзінде қайта-қайта поэзия теориясына көңіл бөліп, 1994-1995 жылдары қазақтың «жыр» өлшемін түрік өлеңімен және атақты қырғыз жыры – «Манас» эпосының өлеңдік құрылымымен салыстырмалы түрде зерттеп шықты.

Академик Зәки Ахметовты одақ көлеміне мәшһүр етіп, мойындатқан – тек теориялық еңбектері ғана емес. Аса көрнекті ғалым деген атаққа ие қылған сондай-ақ оның әдебиет тарихы, әдеби байланыс, текстология мен аударма жөніндегі зерттеулері екені сөзсіз. Бір бойында ғылым, әдебиет, өнер тоғысқан Зәки не нәрсенің болса да әдемі болуын қалайтын. Ол әдебиетті - өнер, өлеңді – эстетика деп түсінетін. Поэзияны өте жақсы білумен қатар аса бір зеректікпен танытын, қызғана қорғайтын. Абай шығармаларына өте сақтықпен қарайтын. Ұлы Мұхтар Әуезовпен бірге 1957 жылы Абай шығармаларының екі томдық жинағын баспаға даярлап, шығарғаны белгілі. Сонда Мұхаңның әр сөзге қаншалықты мән бергенін, қандай мұқият текстологиялық жұмыс жүргізгенін өз көзімен көргенін, Мұхаңның: «Абай өлеңін көбейтеміз деп, көбіктендіріп алмайық. Сақ болындар!» деген сөзін жиі айтатын. М. Әуезов сияқты Абай поэзиясын түгел жатқа білетін Зәкең ұлы ақын шығармаларын 6 рет жинақ етіп құрастырып,

ғылыми түрде жарыққа шығарыпты. Осының өзі оны үлкен текстолог-маман ретінде толық мінездесе керек.

Зәки Ахметов – ішкі мәдениеті өте жоғары, мейлінше кішіпейіл, жаны таза азамат еді. Көрініп қалуға, жақсы көрінуге ұмтылмайтын. Кісінің қас-қабағына, көңіл-күйіне үлкен мән беріп, жағдайын түсінуге тырысатын. Жақсылық істеуге даяр тұратын, адамдарға өзі сияқты қарап, үлкен сенім артатын. Кейде сенгіштігі өзіне зиян әкеп жатса да, сабырлылық танытып, ұстамдық көрсетуші еді. Алайда, 23 жасында ғылым кандидаты, 37 жасында ғылым докторы болған. Кеңес Одағына атағы тараған талантты ғалым Зәки Ахметовтың өмір жолы ылғи да шуақты болған жоқ. 1986 жылғы желтоқсанның ызғары оған да тиді. Қазақ КСР Ғылым академиясының вице-президенті, әрі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып тұрған кезінде Г. Колбиннің қаһарына ілігіп, нақақтан-нақақ жапа шекті. Қызметтен алынды, депутаттық мандатын тапсыртып, өкілеттігін тоқтаттырды. Ол аз болғандай, 1987 жылы жазда Зәкеңнің партиялық мәселесін қаратты. Әділетсіздікке тап болған ол іштей қынжылды, бірақ мойыған жоқ. Өзінің сүйікті ісі – әдебиетті зерттеуге түгелімен берілді, содан өзіне жұбаныш тапты. Талантына қоса орасан еңбексүйгіштігі арқасында тағы төрт монография жазып, ондаған мақала жариялады. Нәтижесінде 1995 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.


Зәкидің ең соңғы кітабы – «Поэзия шыңы – даналық» деп аталады. Онда ғалымның қазақ поэзиясы жайлы ұзақ жылдардағы зерттеушілік ой-пікірі жинақталған. Поэзиядағы сөз бейнелілігі, өлең сөздің құрылысы, өлшем өрнектері, Абайдың ақындық

шеберлігі мәселелері кітаптың негізгі мазмұнын айқындайды. Кітап автордың тірі кезінде баспаға дайындалып, ол қайтқаннан соң жарық көрді.

Зәки аға шын мәнінде шығармашылық адамы еді. Үнемі ізденіс үстінде, ойда жүретін. Жұмыстан шаршаған кезде далаға шығып, ылғи 1-2 сағат таза ауада жүретін. Сол әдеті бойынша 17-желтоқсан күні Астанада басылып жатқан кітабының гранкаларын оқып отырып, кешкі сағат 17-де таза ауа жұтуға асығыс киініп, далаға шығып кетіпті. Содан үйге оралған жоқ. Амал не, тағдыры солай болды. Көңілге медеу болатыны – ғалымның өте құнды ғылыми мұрасы қалды, көптеген шәкірттері бар, солар оның ісін жалғастырады деген сенім бар. Біз үшін ғалымның өмірі – үлгі, ғылымы – өнеге.

Ол туралы:

- Елеукенов, Шериаздан. Абай - академик Зәки Ахметовтің зерттеу еңбектерінде [Мәтін] / Ш. Елеукенов // Егемен Қазақстан. - 2013. - 7 тамыз (№184). – Б. 5.
- Қасқабасов С. Нағыз ғұлама еді [Мәтін] / С. Қасқабасов // Дидар. - 2008. - 1 мамыр (№59). - Б. 3.
- Оразалин Сләмбек. Шығыстан шыққан тұңғыш академик еді [Мәтін] / С. Оразалин // Дидар. - 2013. - 29 мамыр (№ 63). – Б. 5.



*1 мамыр
Жақып Бауыржанның
туғанына 55 жыл*

Бауыржан Өміржанұлы Жақып 1963 жылы 1 мамырда Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Аққора ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін 1985 жылы бітірген. Еңбек жолын Қазақ телевизиясының әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясында бастады. «Жалын» баспасында редактор қызметін атқарды. Қазақ ұлттық университетінде оқытушылықтан (1986) бастап, доцент (1994), журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасының меңгерушісі (1995), деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары, мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі (1999), журналистика факультетінің деканы (2001) қызметтерін атқарған. «Мұхтар Әуезов – публицист» тақырыбында кандидаттық диссертация (1994), «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған (2004). 2009 жылдан «Қазақ энциклопедиясының» бас директоры.

Батыр Бауыржан – біреу, ақын Бауыржан – бірнешеу: бірақ бұлардың арасында ақындық қуатымен елге тұтқа болу былай тұрсын, есікке тұтқа болуға жарамайтын қаламгерлер де жоқ емес. Ал Бауыржан Жақыптың жөні бөлек, табиғаттың өзінен жаралған тума

талант. Ол топтан оза шауып, көзге ерте түсіп, келісті келбетін таныта білген тұғырлы ақын. Оың: «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Қолтаңба» сияқты жыр кітптары сүбелі туындылардың қатарында жоғары бағаланып, Мұқағали Мақатаев атындағы және «Дарын» Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты атануы біздің сөзімізді толық дәлелдей түсері хақ.

Атасы соғыста өлсе де, майдангердің шырақ отын сөндірмей өскен өз әкесінің арқасында ақ жағасы кірлеп, жыртылып көрмеген ақын көңілді ортада жетіле қоймаған секілді. Тамағы тоқ, көйлегі көк болса да, жүрегінің түбінде бір ызғар жатқанға ұқсайды. Себебі, әркімге өз әкесі қымбат. Соғыста әкесі өлген Бауыржанның әкесі де бала болып өскен, өспегенін білмейтін шығар, кім біледі?!

Семей өңірінде туған ұлылардың еңбектерін оқып, ұлағатты тәлім-тәрбие көріп, еңкейгенге еңкейіп, шалқайғанға шалқайып, ғұмыр кешкен Бауыржанның көп өлеңдерінен өжет мінез, өршіл рухтың лебі есіп тұрады.

Ғасырдың ауыр салмағы жүрегінің үстінен өтіп жататын Бауыржан аспан асты, жер үстінің тағдырын толғап, тарлан ашқан талант. Күрделі өмірдің күркіреген ақыны.

Бауыржан жыры – жарылыс, сынақтарға төтеп бере білген ажалсыз адамдардың асқақ рухы, жеңіс салтанаты.

Бауыржан жыры – жұлдыздан ақтарылған сәулелер ағыны.

Айбоз ақынға жұлдызының ағыны толастамасын деп ізгі тілек білдіргіміз келеді.

Шығармалары:

- Жақып, Бауыржан. Абайдың Қасқабұлағы : өлеңдер / Б. Жақып. - Алматы, 2012. - 216 б.
- Жақып, Бауыржан. Ақ лақ : өлеңдер / Б. Жақып. - Алматы, 1997. - 24 б.
- Жақып, Бауыржан. Қызыл қайың : өлеңдер, балладалар, поэмалар / Б. Жақып. - Алматы, 2008. - 216 б.
- Жақып, Бауыржан. Менің далам : өлеңдер, балладалар, поэмалар / Б. Жақып. - Алматы, 2014. - 256 б.
- Жақып, Бауыржан. Шығармалары. 1-т. Еліккөрген: өлеңдер, балладалар, поэмалар / Б. Жақып. - Астана, 2013. - 352 б.

Ол туралы:

- Балқыбек, Әмірхан. Бұлттардан аспан ойын оқыған... [Мәтін] / Ә. Балқыбек // Жұлдыз. - 2013. - №8. - Б. 183-185
- Башеев, Кеңесқазы. Бауыржан ақынның шығармашылық әлемі [Мәтін] / К. Башеев // Дидар. - 2013. - 31 мамыр (№64). - Б. 12

- Ниязбеков, Рафаэль. Жұлдыздан тамған сәуле жырлар [Мәтін] / Р. Ниязбеков // Жұлдыз. - 2009. - №11. - Б. 196



*Мұсаұлы Ырысханның
туғанына 85 жыл
(1933-2012)*

Ырысхан Мұсаұлы - 1933 жылы Семей облысының Абай ауданындағы Құндызды ауылында дүниеге келген. 1958 жылы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін журналист мамандығы бойынша бітірген.

Ырысхан Мұсаұлы «Құрмет орденінің» иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1979), Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен (1983) марапатталған. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

Еңбек жолын «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде бастады. Университеттің соңғы курсында оқып жүрген кезінде жаза бастаған. 1964 жылдан бастап Семейдің облыстық газетінде қызмет істеді. 1973-1977 жылдары Манғышлақ облысының "Коммунистік жол" газетінің бас редакторы, Шевченко қаласы. «Абай» журналының бас редакторы қызметтерін атқарған. Семей жұртшылығының абыз ақсақалы, жазушы, журналист, 1918 жылы Мұхтар Әуезов пен

Жүсіпбек Аймауытов шығарған «Абай» журналын 1992 жылы жаңғыртқан Ырысхан Мұсаұлы болды. Тәуелсіздік алған бетте ұлт пен руханиятқа қымбат дүниелерді «Абай» журналы қаузадай бастады.

Журналдың қазіргі Бас редакторы, кіндік қаны Қарауылда тамған ақын Мұратбек Оспановтың: «Абайды жастайымнан ұғып өстім» – деп, туған елдің айқын болмысын жырға қосқаны бар. Исі қазақ Абайсыз тіл қатпайды мен үшін. Абайсыз сөз сөйлемейтін ауылдың баласы болсақ та, құр бекерге тіл ұшының сөзін айтпай, Абай хакімнің жаратылыс тұлғасын ұғуға бастаған жүрегі жомарт ұстаздардың арқасы, қадір-қасиеті. Жидебайын қазақ өлеңінің қасиеті деп ұққан бұл елде кішіге, кейінгіге Абайға лайық ұлы мәртебені ұғынуды дарытқан жазушы Кәмен Оразалин болса, Семей шаһарында Ырысхан Мұсаұлы болды.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолынан» соң бұл кесек, күрделі тақырыпқа барудың қажеті жоқтай көрінгенімен, отаршылықтың уыты өрши бастағанда, қара халықты ойламайтын, ұлыққа жаққан Құсбек төрені жеңіп, ағасұлтан сайланып, Қарқаралыда мешіт салғызып, қазақтың ділін сақтауға бастаған дала көсемі. Қазақ даласына қожайын болуға келген, осы елдің байлығын шебер иемденген бөгде жұрттың бейнелерін жазушы дөп сомдайды. Қазақтан шыққан, ел үстінен күнелткен пысықтардың екіжүзділігін ашады. Романның пьесалық нұсқасы «Тауан» деп аталды. Жазушылық мұрасында аштық, коллективтендіру туралы көлемді романдарын қалдырды. Ең кереметі, біздің Абай елінің мінез ерекшелігі, тіл байлығы мен сөйлеу дағдысын зерттегісі

келген әдебиеттанушы ғалымдар үшін Ырысхан Мұсаұлының бұл кітаптары таптырмайды.

Қасиетті Шыңғыстау топырағынан өніп шыққан жазушы Ырысхан Мұсаұлының шығармашылығындағы негізгі тақырып – ХХ ғасырдағы қазақ халқының тағдыры.

2000 жылы жазушының жарық көрген қос томдық прозалық кітаптары этнографиясы мен тілінің байлығы жағынан оқырмандарға үлкен рухани күш берері сөзсіз.

Бірінші кітаптағы «Ағасұлтан» романы тарихи деректерге негізделген. Мұнда Құнанбай қажының күрделі бейнесі берілген. Жазушының соңғы үш томына «Саға» трилогиясы енген. Бұл еңбектерінде Кеңес дәуірінің ХХ ғасырдағы келбетін көрсетеді.

«Саға» трилогиясының үш бөлімі – «Бейуақ», «Құлқынсәрі», «Қызыл іңір» журнал бетінде, сонан соң жазушының үш томында жарық көрді.

«Саға» романы автордың өзі туып өскен өңірдің дауылды жылдарын, колхоздастыру кезеңіндегі заман ағымын суреттейді. Колхоздастыру кезеңі (ақ пен қызылдың салған қырғыны) мен ашаршылықты (1931-32 жылғы) суреттеген «Құлқынсәрі» – алдыңғы «Бейуақтың» жалғасы іспетті. Ал «Қызыл іңір» – 1937 жылғы әлемді тітіренткен саяси қуғын-сүргін туралы жазылған.

Қара дауылы қазақ түңлігін ұшыра соққан сұрапыл ХХ ғасыр ұлт жадында ешқашан ұмтылмайтын қатал сабағын қалдырды. Жазушының тарихи романдары, оларға әңгіме, очерктері мен абайтану мәселесіне

арналған зерттеулері қосылып бес том кітапқа жүк болды.

Жарты ғасырдай мерзімде баспасөзде істеген алаш азаматының осындай шығармашылық биікке жетуі үлкен бақыт.

Өзі Абайтану мәселесінде мол еңбектері сіңірген кең мінездің, терең ойдың адамы еді. Соңғы жылдары біраз сырқаттанып жүрді. Қаламгердің үш романы да, өзге шығармалары да орыс тіліне аударылып, басылған. Марқұмның өзі: «Мен жазушы болмайтын шығармын. қалай жазушы бола аламын? Ондай мүмкіншілік жоқ еді», – дейтін кейде. Бұл кісі Семейдегі Кәмен Оразалин ақсақалдың інісі ғой. Бұл кісіні тек қаламгер, журналист деп қана емес, Оразалин әулетінің, Мұса әулетінің үлкен азаматы ретінде бағалайды. Енді міне, сексенге толарының алдында дүние салды. Бұл біз үшін үлкен, ауыр қаза.

Шығармалары:

- Мұсаұлы, Ырысхан. Шығармалар жинағы [Мәтін]: 5 томдық / Ы. Мұсаұлы. – Семей, 2003.
1 Т. - 2003. – 352 б.
2 Т. – 2003.- 352 б.
3 Т. – 2003.- 352 б.
4 Т. – 2003.- 352 б.
5 Т. – 2003.- 352 б.

Ол туралы:

- Ырысхан Мұсаұлы: қазанама // Қазақ әдебиеті. - 2012. - 19 қазан (№43). - Б. 12.



Ысқақұлы Кәкітайдың туғанына 150 жыл (1868-1915)

Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев 1868 жылы бұрынғы Семей облысы, Абай ауданында дүниеге келген. Абай мұрасын тұңғыш бастырушы, Абайдың інісі Ысқақтың баласы. 8 жасынан бастап ауыл молдасынан 4 жылдай оқып, түрікше, арабша хат таныған.

Кәкітайдың ерекше зеректігін байқаған Абай 1882 жылы оны өзіне бала етіп алып, Мағауиямен бірге тәрбиелеген. Семейге ертіп барып, білім алуына көмектескен. Абайдың ақыл-кеңесімен Тұрағұл екеуі қарасөз, аударма, көңіл күй тақырыбындағы қысқа өлеңдер жазады. “Абай ағамның қатарында жүрген 24 жыл ішінде оның үйретпеген білімі болмады, бірақ бәрін түгел ұғып ала алмадым. Сондықтан мен Абай ағама зор қарыздармын, ендігі мақсатым – шамам келгенше оның асыл қазынасын кейінгі жастарға жеткізіп беру”, деп, өзіне уәде берген. 1904 жылы Абайдың сүйікті ұлы Мағауия, іле-шала ұлы ақынның өзі, одан кейін үлкен баласы Ақылбай қайтыс болып, Құнанбай әулеті үлкен қайғыға душар болғанда барлық ауыртпалықты бірге көтеріседі. Жидебайда бала оқытып жүрген молда Мүрсейіт Бікеұлына ақы беріп, бұрыннан жинап жүрген Абай шығармаларын көшіртіп жазғызады. Абайдың

баласы Тұрағұлмен бірге ақын мұрасын жинастырып, баспаға әзірлейді. 1905 жылы Әлиханнның кеңесімен Абай шығармаларын баспаға әзірлеуге кіріскен Кәкітай сол жылы жазда Семейге, одан Омбыға барып бастыра алмаған соң, кейін Қазан қаласына келеді. Осы қалада Санкт-Петербург баспаханасының өкілімен келісімшарт жасасып, болашақ кітаптың корректорлығын өз мойнына алып, ақысын алдын-ала төлейді. 1909 жылы Абайдың тұңғыш жинағы – “Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі” (бастырған: Кәкітай, Турағұл Құнанбайұлдары”) деген тақырыппен Санкт-Петербургте жарық көріп, барлық данасы Семейге Кәкітай атына жіберіледі де, сол жерден бүкіл қазақ даласына тарайды. Кәкітайдың осы жинақта жариялаған Абай туралы өмірбаяндық мақаласын М. Әуезов жоғары бағалаған.

Революцияға дейінгі дәуірде Абайдың өмірі мен әдеби мұрасын танытуда елеулі еңбек еткендердің ішінде Кәкітай Ысқақұлының орны бөлекше. Кәкітайдың Абай мұрасын танытудағы басты еңбегі де Абай шығармаларының тұңғыш жинағын құрастырып жариялауы мен ақын өмірі туралы алғаш рет мәлімет беруінде жатыр. Кәкітай Абай мұрасын жинастырып, бастырудағы тарихи еңбегі жайлы Абай мұрасын зерттеушілер еңбегінде молынан айтылды да, бірақ М. Әуезовтың монографиялық еңбегінде болмаса, басқа зерттеулерде Кәкітай еңбегі сын көзбен қаралмаған. Сондықтан да Абайдың дүниеге көзқарасының қалыптасуына Е. П. Михаэлистің әсері басым болды деген Кәкітай пікірі Абайтану саласында көпке дейін орын алып келді.

Кәкітай Абайды шын мәніндегі ақындық өнерге сексенінші жылдары басында бет бұруының себебі оның орыс халқының озық ойлы әдебиетімен танысуында жатыр деп көрсетуі, Абай творчествосы мен өміріндегі елеулі құбылыстардың төркінің дұрыс аңғара білгенін байқатты. Ақындық дарыны асып туған Абайдың осы өнерге қолын кеш сермеуі, Кәкітай пікірінше өскен ортасына тікелей байланысты қаралады. Аталы ортаның ақындық өнерді кемсіте қарауы Абайға белгілі дәрежеде әсер еткен. Бірақ ел ісіне ерте араласып, халықпен тығыз байланыста болуы арқылы ғасырлар бойы сұрыпталған тіл өнерін терең меңгеруі — Абай ақындығының тербеліп өскен алтын бесігі деді.

Кәкітай мақаласы революцияға дейінгі дәуірде ұлы ақын творчествосының нәр алған арналарына байланысты. Абайдың ақындық кітапханасының көлемі жайлы мәселеге біршама бағдар айтуымен де ерекшеленеді.

Ел ісіне ерте араласып, халықпен тығыз байланыста болуы арқылы ғасырлар бойы сұрыпталған тіл өнерін терең меңгеруі- Абай ақындығының тербеліп өскен алтын бесігі деді.

Ол туралы:

- Кәкітай Ысқақұлы [Мәтін] // Жүз тұңғыш: жинақ. - Алматы, 2005. – 1 – кітап. – Б. 295
- Мұхамедханов, Қайым. Кәкітай Ысқақұлы Құнанбай немересі [Мәтін] // Көптомдық

таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы, 2005. –
3 Т.: Абайдың ақын шәкірттері. – Б. 221

- Ысқақұлы Кәкітай [Мәтін] : энциклопедиялық анықтамалық // Шығыс жұлдыздары.- Астана, 2011. – 1 Т.: Сөз зергерлері. Б. 175

Аталып өтілетін есімдердің алфавиттік көрсеткіштері

Алтай А.	6
Айнағұлова К.	13
Ақатай С.	15
Ақылбайұлы Ә.	15
Аманжолов С.	14
Аханов К.	9;17
Ахметов З.	9;20
Ахметова Ш.	6
Аюханов Б	12
Әбдікәкімов Т.	10
Әзімжанова Г.	10
Әкелеев С.	14
Әкімов Д.	11
Әлжанов О.	11
Әлімбетов С.	15
Байбатырұлы И.	9
Байжанбаев Ә.	7
Байхонов С.	9
Беков О.	10

Белослюдов В.	6
Бозтаев К.	11
Бөкей О.	12
Брили П	10
Буторин В.	12
Васильев А.	16
Васильев Т.	7
Горбачев Н. А.	12
Гулькин И.	10
Ғаббасова Г.	8
Ғазизұлы А.	8
Елистратов С.	14
Есентайұлы Ш.	16
Жақыпов Б.	8;25
Жақыпов Е.	8
Жанұзақұлы Ә.	15
Железняков П.	13
Жүндібайұлы Н.	16
Жұмаханов Ж.	14
Жылысбаев Б.	9
Зайтов Р.	13
Занудин Ю.	16
Ибраев Ә.	14
Иванов А. С.	9
Казаченко Н.	16
Камоликов Д.	16
Карелин П.	7
Кенжеғұлова Н.	5
Кокорин Ф	14
Косенков И.	14

Кітапбаев Б.	12
Қабанбаев М.	7
Қайран Ә.	6
Қайсенов Қ.	8
Қамшыгер С.	9
Қаңлыбаева Ж.	10
Қарамендин С.	5
Қашаубаев Ә.	11
Құдайбердіұлы Ш.	10
Құжыманов Ж.	7
Құмарұлы К.	6
Құсанбаев С.	12
Қыдыралин С.	13
Қыдырханұлы У.	14
Лут Н.	16
Манап М.	7
Маципуло О.	6
Меркулов М.	12
Мехнин Ф. М.	15
Милецкий В.	13
Мұсаұлы Ы.	13;28
Мұстанбаев Ы.	13
Мұхамеджанов Т.	11
Мыржықбай К.	8
Нұразхан Е.	5
Нілібаев Ә.	8
Окунев Г.	7
Олжай Қ.	10
Оразбеков Ә.	9
Өлмесеков К.	9

Попов Е.	8
Рақымжанұлы Т.	13
Рахымбаев М	6
Салықбай Г.	9
Сарин Қ.	5
Середин Ф.	6
Сүлейменов Ғ.	5
Сұлтанбеков М.	6
Сыбанов Б.	5
Тастағанов М.	14
Тауданбекұлы Д.	16
Тойкенов М.	10
Токарев М.	11
Хасенов Н.	14
Шәкерімұлы З.	15
Шәріпжан Т.	14
Шондыбаев У.	16
Шүкіманов Е.	12
Ыбыраев Ж.	13
Ысқақұлы К.	16;32

Мазмұны

Алғы сөз.....	3
Шығыс өңірінде 2018 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндердің тізбегі.....	5
Айы мен күні белгісіз тарихи оқиғалар.....	15
Аталып өтілетін мерейтой иелеріне қысқаша анықтама және әдебиеттер тізімі.....	17
Аталып өтілетін есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....	36

Құрастырушы: Кабдылова М. Д.
Редактор: Абдакорова А. Н.
Шығаруға жауапкер: Мукашева К. Б.